

**Ацетиленді метанды пиролиздеу арқылы өндіру. Реакция механизмі.
Процестің термодинамикасы мен кинетикасы. Ацетиленді метанды
пиролиздеу арқылы өндірудің өнеркәсіптік технологиялары
Пиролиз. Метан пиролизі**

Процестің мақсаты. Пиролиз — мұнайды өңдеудің термиялық процестерінің ішіндегі ең қатаңы. Ол 750-900°С температуралар кезінде жүргізіледі және, негізінен, мұнайхимиялық синтез шикізаты — құндылығы жоғары олефиндік көмірсутектерді алу үшін қажет.

Шикізат. Пиролиз процесінде олефиндерді алу үшін қажетті ең жақсы шикізаттың түрі — парафинді көмірсутектер. Қалыпты парафиндердің ыдырауы кезінде келесідей негізгі заңдылықтар байқалады: этан түгелдей этиленге айналады, пропан мен бутаннан үлкен шығыммен этилен және пропилен түзіледі, көміртек атомдарының саны 4-тен көп болатын парафинді көмірсутектерден 45-50% (масс.) этилен, пропилен, C_4 және жоғары көмірсутектер алынады. Изопарафиндер пиролизі кезінде этиленнің шығымы аз, көп мөлшерде газ тәрізді парафинді көмірсутектер түзіледі және әсіресе метанның шығымы аз. Ароматты көмірсутектер пиролиздің өте қатаң температуралар кезінде айтарлықтай дәрежеде кокс және шайыр түзеді.

Пиролиз процесіне табиғи және ілеспе газдар, сонымен қатар мұнайдың өңдеу өнімдері де түсе алады.